




ШЫНЫ КЕРАМИКАЛЫҚ ПІСІРУ БЕТІ

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

MCH-B641C



Ескертулер: Бұл өнімді қолданбас бұрын осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және болашақта анықтамалық пайдалану үшін сақтаңыз. Өнімді жақсарту мақсатында дизайн мен техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Мәліметтер алу үшін дилерге немесе өндірушіге хабарласыңыз. Жоғарыдағы диаграмма тек анықтама үшін берілген. Стандарт ретінде нақты өнімнің сыртқы түрін алыңыз.

АЛҒЫС ХАТ

Midea өнімін таңдағаныңыз үшін рақмет! Жаңа Midea өнімін пайдаланбас бұрын, жаңа құрылғыңыздың мүмкіндіктері мен функцияларын қауіпсіз пайдалану үшін, осы нұсқаулықты толығымен оқып шығуыңызды сұраймыз.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫС ХАТ	01
ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛАР	02
СИПАТТАМАСЫ	07
ӨНІМ ИНДУКЦИЯСЫ	08
ОРНАТУ	10
ӨНІМ ЖҰМЫСЫ	13
ПІСІРУГЕ ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛАР	18
ҚЫЗДЫРУ ПАРАМЕТРЛЕРІ	19
КҮТІМ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ	20
СӨЗКӨМЕКТЕР МЕН КЕҢЕСТЕР	21
САУДА БЕЛГІЛЕРІ, АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ	
МӘЛІМДЕМЕ	23
УТИЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ	24
ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ	25

ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛАР

Қолдану мақсаты

Қауіпсіздік туралы бұл нұсқаулар құрылғының қауіпті немесе дұрыс емес жұмыс істеуі салдарынан туындайтын қауіптердің немесе зақымдардың алдын алуға арналған. Қауіпсіз жұмыс істейтініне және бәрі дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу үшін қаптамасын және құрылғыны келе салып тексеріңіз. Қандай да бір зақым байқасаңыз, сатушыға немесе дилерге хабарласыңыз. Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін құрылғыны өзгертуге немесе модификациялауға рұқсат етілмейтінін ескеріңіз. Өз мақсатына сай қолданбасаңыз, қауіпті жағдай орын алуы және кепілдіктің күші жойылуы мүмкін.

Таңбалардың түсіндірмелері

	Қауіпті Бұл таңба тез тұтанғыш газдың әсерінен адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетінін білдіреді.
	Электрлік кернеу туралы ескерту Бұл таңба адам өміріне және денсаулығына қауіпті кернеудің бар екенін білдіреді.
	Ескерту Бұл сигнал сөз орташа деңгейлі қауіп бар екенін білдіреді. Оның алдын алмаған жағдайда, адам өліп кетуі немесе ауыр жарақат алуы мүмкін.
	Абайлаңыз Бұл сигнал сөз төмен деңгейлі қауіп бар екенін білдіреді. Оның алдын алмаған жағдайда, адам жеңіл немесе орташа деңгейлі жарақат алуы мүмкін.
	Назар аударыңыз Бұл сигнал сөз қауіп туралы емес, маңызды ақпараттың (мысалы, мүліктің зақымдалатынын) айтылатынын білдіреді.
	Нұсқауларды қараңыз Бұл таңба пайдалану нұсқауларына сәйкес тек қызмет көрсету жөніндегі техник маман ғана құрылғымен жұмыс істеуі және техникалық қызмет көрсетуі керек екенін білдіреді.

Құрылғыны пайдаланар/іске қосар алдында осы пайдалану нұсқауларын мұқият оқып шығыңыз және оны құрылғы орнатылатын жердің немесе құрылғының жанында сақтап қойыңыз, кейінірек пайдаланғанға керек болады!

Қауіпсіздік бойынша ескертулер

Сіздің қауіпсіздігіңіз біз үшін өте маңызды. Пісіру панелін пайдаланбас бұрын, осы ақпаратты оқып шығыңыз.

Орнату

Электрлік ток соғу қаупі

- Құрылғыда қандай да бір жұмыс жасамас бұрын немесе техникалық қызмет көрсетпес бұрын, оны электр желісінен ажыратыңыз.
- Жақсы жерге қосу жүйесіне жалғау өте маңызды.
- Үйдегі электр сымдары жүйесіне өзгеріс енгізу жұмыстарын тек білікті электр маманы орындауы керек.
- Бұл кеңесті ескермеген жағдайда, электр тогы соғуы немесе адам өліп кетуі мүмкін.

Кесіп кету қаупі

- Абайлаңыз, панель жиектері өткір келеді.
- Сақ болмасаңыз, жарақат алуыңыз немесе бір жеріңізді кесіп алуыңыз мүмкін.

Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулар

- Бұл құрылғыны орнатпас және пайдаланбас бұрын, осы нұсқаларды оқып шығыңыз.
- Ешбір жағдайда бұл құрылғының үстіне тұтанғыш материал немесе өнім қоймаңыз.
- Құрылғыны орнататын адамға осы ақпаратты беріңіз, себебі ол орнату шығынын азайтуы мүмкін.
- Қауіптің алдын алу үшін бұл құрылғыны осы орнату нұсқауларына сай орнату керек.
- Бұл құрылғыны тек тиісті білімі бар адам ғана орнатып, жерге тұйықтауы керек.
- Бұл құрылғы қуат көзінен толық ажырататын оқшаулағыш қосқышы бар тізбекке жалғануы керек.
- Құрылғыны дұрыс орнатпасаңыз, кепілдік бойынша қандай да бір міндеттемелердің күшін жоюы мүмкін.
- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті төмен немесе тәжірибе мен білімі жетіспейтін адамдар егер олар қадағалаумен немесе оларға құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулық берілсе және қауіп-қатерді түсінсе пайдалануларына болады.

- Балалар құрылғымен ойнамау керек. Балалардың тазалауын және пайдалануын қадағалаусыз жүргізуге болмайды.
- Егер қорек сымы зақымдалған болса, қауіпті болдырмау үшін оны өндіруші, оның қызмет көрсету агенті немесе білікті мамандар ауыстыруы керек.
- Ескерту: Тоғы бар бөлшектерді қорғайтын әйнек-керамика немесе соған ұқсас материалдан жасалған плита беттері шытынап кетсе, электр тоғы соғу қаупінің алдын алу үшін құрылғыны өшіріп тастаңыз.
- Пышақ, шанышқы, қасық және қақпақ сияқты металдан жасалған заттарды плитканың үстіне қоюға болмайды. Олар қызып кетуі мүмкін.
- Бұмен тазалағыш қолданылмауы керек.
- Пісіру панелін тазалау үшін бу тазалағышын пайдалануға болмайды.
- Құрылғы сыртқы таймер немесе бөлек қашықтан - басқару жүйесі арқылы пайдалануға арналмаған.
- ЕСКЕРТУ: Өрт шығу қаупі бар: пісіруге арналған беттерге зат қоймаңыз.
- Пісіру процесін қадағалап тұру керек. Қысқа мерзімді пісіру процесін үздіксіз қадағалап тұру керек.
- ЕСКЕРТУ: Плитада тоң маймен немесе сұйық маймен тамақ пісіру кезінде, оны қараусыз қалдыру қауіпті болуы және өрт шығуы мүмкін. Отты ЕШ УАҚЫТТА сумен сөндірмеңіз, бірақ құрылғыны өшіріңіз және оттың бетін қақпақ немесе өрт көрпесі сияқты нәрсемен жабыңыз.

Пайдалану және техникалық қызмет көрсету

Электрлік ток соғу қаупі

- Сынған немесе шытынаған плитада ас дайындауға болмайды. Егер плитаның беті сынған немесе шытынаған болса, құрылғыны электрлік қуат көзінен (қабырға қосқышы) дереу ажыратыңыз және білікті техник маманға хабарласыңыз.
- Тазалау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарынан бұрын, қабырдағы розеткадан плитаны ажыратыңыз.
- Бұл кеңесті ескермеген жағдайда, электр тоғы соғуы немесе адам өліп кетуі мүмкін.

Денсаулыққа қатысты қауіп

- Бұл құрылғы электромагниттік қауіпсіздік стандарттарына сай келеді.
- Алайда кардиостимуляторлары немесе басқа электрлік имплантаттары (мысалы, инсулин помпасы) бар адамдар бұл құрылғыны пайдаланбас бұрын дәрігерімен немесе имплантат өндірушісімен ақылдасып, имплантаттарына электромагниттік өріс әсер етпейтініне көз жеткізіп алуы керек.
- Бұл кеңесті ескермеген жағдайда, адам өліп кетуі мүмкін.

Ыстық беттен туындайтын қауіп

- Қолдану барысында бұл құрылғының қолжетімді бөлшектері күйдіретіндей қатты қызып кетуі мүмкін.
- Беті суымай тұрып, денеңізді, киіміңізді немесе тиісті ас құралдарынан басқа ешбір затты керамикалық әйнекке тигізбеңіз.
- Балалардың аулақ жүруін қадағалаңыз.
- Кәстрөлдің тұтқалары қатты қызып кетуі мүмкін. Кәстрөлдің тұтқалары басқа қосылып тұрған пісіру аймақтарының үстінде тұрмағанына көз жеткізіңіз. Тұтқаларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Бұл кеңесті ескермеген жағдайда, күйік шалуы және шарпуы мүмкін.

Кесіп кету қаупі

- Қауіпсіздік қақпағын алып тастағанда, пісіру панеліне арналған қырнауыштың ұстара тәрізді өткір жүзі ашылып қалады. Абайлап қолданыңыз және оны қауіпсіз ері балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
- Сақ болмасаңыз, жарақат алуыңыз немесе бір жеріңізді кесіп алуыңыз мүмкін.

Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулар

- Құрылғыны қолданып жатқанда, оны қараусыз қалдырмаңыз. Қайнау кезінде тұтанып кетуі мүмкін түтін және майлы бөліністер шығады.
- Құрылғыны жұмыс немесе сақтау беті ретінде қолданбаңыз.
- Құрылғының үстінде ешбір затты немесе асүй құралын қалдыруға болмайды.
- Магниттелетін ешбір затты (мысалы, несиелік карталар, жад карталары) немесе электрондық құрылғыларды (мысалы, компьютерлерді, MP3 плеерлерді) құрылғының жанына қоймаңыз немесе қалдырып кетпеңіз, себебі олар оның электромагниттік өрісіне кері әсер етуі мүмкін.
- Бөлмені жылыту немесе қыздыру үшін бұл құрылғыны пайдалануға болмайды.
- Қолданып болған соң, осы нұсқаулықта көрсетілгендей (яғни, сенсорлы басқару элементтерін пайдалану арқылы) пісіру аймақтарын және пісіру панелін міндетті түрде өшіріңіз.
Табаларды алып тастағанда, табаларды анықтау функциясы пісіру аймақтарын өшіретініне сенуге болмайды.
- Балалардың құрылғымен ойнауына, оның үстіне отыруына, тұруына немесе өрмелеп шығуына жол бермеңіз.
- Құрылғының жоғарғы жағындағы шкафтарға балаларды қызықтыратын заттарды сақтамаңыз. Пісіру панелінің үстіне шыққан бала қатты жарақаттануы мүмкін.
- Құрылғы қолданылып жатқан жерде балаларды жалғыз немесе қараусыз қалдырмаңыз.

- Балаларға немесе құрылғыны пайдалана алмайтын мүмкіндігі шектеулі адамдарға құрылғыны қалай пайдалану керектігін түсіндіріп беретін жауапты әрі білікті адам болуы керек. Нұсқау беруші адам құрылғыны пайдаланғанда өздеріне және айналадағыларға қауіп төнбейтініне көз жеткізуі керек.
- Нұсқаулықта анық көрсетілмесе, құрылғының ешбір бөлігін жөндеуге немесе ауыстыруға болмайды. Басқа қызмет көрсету жұмыстарын білікті техник маман орындауы керек.
- Пісіру панелінің үстіне ешқандай ауыр зат қоймаңыз немесе құлатып алмаңыз.
- Пісіру панелінің үстіне шықпаңыз.
- Жиіктерінде тістері бар табаларды пайдаланбаңыз немесе табаларды Керамикалық әйнек бетімен сүйремеңіз, ол әйнекті сырып тастауы мүмкін.
- Пісіру панелін тазалау үшін жөке немесе басқа да қатты абразивті тазалау құралдарын пайдалануға болмайды, себебі ол Керамикалық әйнектің бетіне сызат түсіруі мүмкін.
- Бұл құрылғыны тұрмыстық жағдайда және төменде көрсетілген жағдайларда қолдану керек:
 - дүкендерде, кеңселерде және басқа да жұмыс орталықтарында қызметкерлердің асхана бөлмелерінде;
 - фермерлік үйлерде;
 - қонақүйлердің, мотельдердің және басқа да тұрғын үй-жайлардың клиенттері қолдана алады;
 - жартылай пансион типтес жерлерде қолдануға болады.
- ЕСКЕРТУ: Пайдалану барысында құрылғы және оның қолжетімді бөлшектері қатты қызып кетуі мүмкін.
- Қызатын элементтерге тиіп кетпей, сақ болу керек.
- Үнемі қадағалап тұрмайтын болсаңыз, 8 жасқа толмаған балаларды алшақ ұстаңыз.

Жаңа керамикалық плита сатып алғаныңыз **құтты болсын**.

Оны дұрыс орнату және пайдалану керектігін толық түсіну үшін, осы орнату нұсқаулығымен танысуға біраз уақыт бөліңіз.

Құрылғыны орнату үшін, “Орнату” бөлімін қараңыз.

Қолданар алдында қауіпсіздік нұсқауларының барлығын мұқият оқып шығыңыз. Осы орнату нұсқаулығын кейінірек пайдалану үшін сақтап қойыңыз.


СИПАТТАМАСЫ

Өнім үлгісі	MCH-B641C
Пісіру аймақтары	4 шеңбер
Қуат көзінің кернеуі	220-240 В~ 50 Гц немесе 60 Гц
Орнатылған электрлік қуат	5500-6600 Вт
Өнім өлшемі Т×Е×Б(мм)	590X520X51
Кіріктірілетін өлшемдері А×В (мм)	560X490


Салмағы мен өлшемдері шамамен алынған. Өнімдерімізді үнемі жетілдіріп отыратындықтан, техникалық сипаттамалары мен дизайнын алдын ала ескертусіз өзгертуіміз мүмкін.

ӨНІМ ИНДУКЦИЯСЫ

Үстінен қарағандағы көрініс



Басқару панелі



Өнім туралы ақпарат

Микрокомпьютерлі керамикалық плита панелі асудың түрлі талаптарын қанағаттандыра алады. Резистивті-сымды қыздыру, микрокомпьютерлік басқару және бірнеше қуат режимдерін таңдау арқасында ол заманауи отбасыларға арналған шын мәніндегі ең оңтайлы таңдау болып табылады. Керамикалық ас әзірлеу плитасы клиенттердің қажеттіліктерін қамтамасыз етуге және бейімделуге арналған. Панель қауіпсіз әрі сенімді сипаттамаларға ие, ол тұрмысыңызды жайлы етеді және де өмірден толық ләззат алуға мүмкіндік береді.

Жұмыс істеу принципі

Бұл керамикалық плитада резистивті сымды жылыту тікелей пайдаланылады, ал шығыс қуаты сенсорлық басқару элементтері арқылы қуат реттегішімен реттеледі.

Жаңа керамикалық плитаны қолданбас бұрын

- Осы нұсқауды оқып шығыңыз, ондағы “Қауіпсіздік бойынша ескертулер” бөліміне ерекше мән беріңіз.
- Керамикалық плитада әлі де тұруы мүмкін қандай да бір қорғағыш таспаны алып тастаңыз.

ОРНАТУ


Орнату жабдығын таңдау

Жұмыс бетін сызбада көрсетілген өлшемдерге сай кесіп алыңыз.

Орнату және пайдалану мақсатында саңылаудың айналасында кемінде 5 см орын қалдыру керек.

Жұмыс бетінің қалыңдығы кемінде 30 мм болуы керек. Жұмыс беті үшін ыстыққа төзімді әрі оқшауланған материалды таңдаңыз (ағаш және ұқсас талшықты немесе гигроскопиялық материалдар сіңдірілмеген болса, олар жұмыс бетінің материалы ретінде пайдаланылмауы керек), бұл – электр тогының соғуын және плитадан жылу сәулеленуінен үлкен деформацияның туындауын болдырмау үшін қажет. Төменде көрсетілгендей:


⚠ Ескертпе: Плитаның бүйірлері мен үстел үстінің ішкі беттері арасындағы қауіпсіз қашықтық кемінде 3 мм болуы тиіс.



Ұ(мм)	Е(мм)	Б(мм)	Д (мм)	А (мм)	В (мм)	Х(мм)	Ғ (мм)
590	520	51	47	560+4 +1	490+4 +1	50 мини	мин. 3

Қандай жағдай болмасын, керамикалық плита жақсы желдетілетін жерде тұруы керек және ауа кіретін және шығатын саңылауды бітеуге болмайды. Керамикалық плита дұрыс жұмыс жағдайында екеніне көз жеткізіңіз. Төменде көрсетілгендей


⚠ Ескертпе: Плитаның бүйірлері мен үстел үстінің ішкі беттері арасындағы қауіпсіз қашықтық кемінде 3 мм болуы тиіс.



А (мм)	В (мм)	С (мм)	Д	Е
760	50 мини	20 мини	Ауа кіретін саңылау	Ауа шығысы 5 мм

ЕСКЕРТУ: Тиісті ауа айналымын қамтамасыз ету

Керамикалық пісіру панелі жақсы желдетілетініне және ауа кірісі мен шығысы бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Панельдің қызып кеткен түбіне кездейсоқта тиіп кетпеу үшін немесе жұмыс барысында күтпеген жерде электр тогының соғуын болдырмау үшін, бұрандалармен бекітілген ағаш кіріктірмені панельдің түбінен кемінде 25 мм қашықтықта орнату керек. Төмендегі талаптарды орындаңыз.




⚠ Плитаның сыртын айналдыра желдету саңылаулары бар. Плитаны дұрыс орнына қойғанда бұл саңылауларды жұмыс беті бітеп қалмайтынына көз жеткізу керек.

- ⚠ • Пластик немесе ағаш жиһазға қосылатын желім панельдердің қабығын кетірмеу үшін кем дегенде 150°C температураға төтеп беруі керектігін есте сақтаңыз.
- Сондықтан артқы қабырғасы, іргелес және қоршаған беттері 90°C температураға төтеп беруі тиіс.

Бекіту кронштейндерін орналастырмас бұрын


Құрылғыны қозғалмайтын, тегіс бетке (қаптамасын пайдаланыңыз) қойыңыз. Плитадан шығып тұратын басқару элементтеріне күш түсірмеңіз.

Құрылғыны орнатқаннан кейін плитаның астыңғы жағындағы төрт кронштейнді бұрау арқылы жұмыс бетіне плитаны (суретті қараңыз) бекітіңіз.



A	B	C	D
Бұранда	Кронштейн	Бұранда тесігі	түбі

Түрлі жұмыс бетінің қалыңдығына сай келу үшін кронштейн позициясын реттеңіз.




⚠ Орнатылғаннан кейін кронштейндер ешбір жағдайда үстел үстінің ішкі беттеріне тимеуі керек (суретті қараңыз).

Абайлаңыз

1. Керамикалық пісіру плитасын білікті қызметкерлер немесе техник мамандар орнатуы керек. Сізге қызмет көрсетуге әзір кәсіби мамандарымыз бар. Жұмысты өз бетіңізше жасауға тырыспаңыз.
2. Керамикалық пісіру плитасын салқындатқыш жабдыққа, ыдыс жуғыш машиналарға және айналмалы кептіргіштерге орнатуға болмайды.
3. Керамикалық плита панелінің сенімділігін арттыру үшін, оның қызу сәулеленуін барынша жақсы қамтамасыз ететіндей орнату керек.
4. Жұмыс бетінің жоғарғы жағындағы қабырға және индукциялық қыздыру аймағы ыстыққа төтеп бере алуы керек.
5. Қандай да бір зақымның алдын алу үшін көп қабатты құрылымның қабаты және желім ыстыққа төзімді болуы керек.
6. Бұмен тазалағыш қолданылмауы керек.

Плитаны негізгі электрлік қуат көзіне жалғау

Қуат көзі тиісті стандартқа сәйкес немесе бірполюсті ажыратқыш арқылы қосылуы тиіс. Жалғау әдісі төменде көрсетілген



1. Егер кабель зақымдалған болса немесе оны ауыстыру қажет болса, бұны сатудан кейін қызмет көрсететін техникалық маман арнайы құралдарды қолдана отырып орындауы тиіс. Бұл – қандай да бір жазатайым оқиғаға жол бермеу үшін маңызды.
2. Егер құрылғы тікелей электр желісіне қосылатын болса, контактілерінің арасындағы бос орын кемінде 3 мм болатын көпполюсті тізбек ажыратқышты орнату қажет.
3. Орнатушы электр қосылымының дұрыс орындалғанына және қауіпсіздік ережелеріне сәйкес келетініне көз жеткізуі тиіс.
4. Кабельді бүктеуге немесе қысуға болмайды.
5. Кабельді жиі тексеріп тұру керек және оны білікті адам ғана ауыстыруы керек.




Орнатқан соң, плитаның астыңғы бетіне және қуат сымына қол жеткізу мүмкін емес.

ӨНІМ ЖҰМЫСЫ


Сенсорлы басқару элементтері

- Басқару элементтері түрткенге жауап береді, сондықтан оларды қатты басудың қажеті жоқ.
- Саусағыңыздың ұшын емес, жұмсақ жерін пайдаланыңыз.
- Түрткен сайын “бипылдаған” дауыс шығады.
- Басқару элементтері әрдайым таза, құрғақ болуы және оларды ештеңе (мысалы, құрал-жабдық немесе шүберек) жауып тұрмауы керек. Оның бетінде кішкене су тамшысы тұрса да, дұрыс жұмыс істемей қалуы мүмкін.




Дұрыс асүй жабдығын таңдау


Тісті жиектері немесе қисық негізді асүй жабдықтарын қолданбаңыз.



Табаның түбі тегіс екеніне, әйнекке тегіс жататынына және пісіру аймағымен бірдей өлшемде екеніне көз жеткізіңіз. Табаны міндетті түрде пісіру аймағының ортасына қойыңыз.



Табаларды міндетті түрде керамикалық плитадан көтеріп алыңыз. Оны сырғытуға болмайды, әйтпесе әйнектің беті сырылып қалуы мүмкін.




Пайдалану тәсілі

Пісіруді бастау


Қуаты қосылған соң, бір дыбыстық сигнал шығады, индикаторлардың барлығы 1 секунд жанып, қайта өшіп, керамикалық плитаның күту режиміне кіргенін білдіреді.

ҚОСУ/ӨШІРУ ① басқару элементін түртсеңіз, барлық индикаторларда «-» пайда болады



Пайдаланғыңыз келетін пісіру аймағына үйлесімді табаны қойыңыз.

- Табаның асты мен пісіру аймағының беті таза әрі құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.




Қыздыру шеңберін таңдайтын басқару элементін түртіңіз (мысалы, 3# шеңберін)




“-” немесе “+” басқару түймесін түрту арқылы қыздыру параметрін таңдаңыз.

- Егер 1 минут бойы қыздыру режимін таңдамасаңыз, керамикалық панель автоматты түрде өшеді. Ондай жағдайда 1-қадамнан бастауыңыз керек болады.
- Пісіру барысында қыздыру параметрін кез келген уақытта өзгертуге болады.
- Осы түймелердің бірін басып тұру арқылы мән жоғары немесе төмен реттеледі.



Тамақ пісіруді аяқтау


Өшіргіңіз келетін қыздыру аймағын таңдау түймелерін басу. (мысалы, 3# шеңбері)



“0-ге” түсіру немесе “-” және “+” түймелерін бірге басу арқылы тамақ пісіру аймағын өшіріңіз



ҚОСУ/ӨШІРУ ① элементтерін түрту арқылы пісіру панелін толық өшіріңіз.



Ыстық беттерді абайлаңыз

Пісіру аймақтарының қайсысы ыстық екенін көрсету үшін “H” әрпі көрсетіледі. Бет қауіпсіз температураға дейін салқындағанда, ол жоғалады. Оны энергияны үнемдеу функциясы ретінде де пайдалануға болады. Егер қосымша табалар қыздырғыңыз келсе, әлі де ыстық плитаны пайдаланыңыз.



Ыстық беттерді абайлаңыз

⚠ Пісіру аймақтарының қайсысы ыстық екенін көрсету үшін “H” әрпі көрсетіледі. Бет қауіпсіз температураға дейін салқындағанда, ол жоғалады. Оны энергияны үнемдеу функциясы ретінде де пайдалануға болады. Егер қосымша табалар қыздырғыңыз келсе, әлі де ыстық плитаны пайдаланыңыз.

Басқару элементтерін құлыптау

- Күтпеген пайдаланудың (мысалы, балалар кездейсоқ пісіру шеңберлерін қосып қояды) алдын алу үшін басқару элементтерін құлыптауға болады.
- Басқару элементтері құлыпталып тұрса, ҚОСУ/ӨШІРУ элементтерінен басқа түймелердің барлығы өшіп тұрады.

Басқару элементтерінің құлыптау үшін	
Құлыпты басқару элементін  түртіңіз	Таймер индикаторы «Lo» белгісін көрсетеді
Басқару элементтерінің құлпын ашу үшін	
Керамикалық панельдің қосулы екеніне көз жеткізіңіз Құлыпты басқару элементін  біраз басып тұрыңыз.	

 Панель құлыптаулы режимде тұрғанда ҚОСУ/ӨШІРУ — басқару элементінен басқасының барлығы өшірулі болады. Төтенше жағдайда керамикалық панельді әрқашан ҚОСУ/ӨШІРУ — басқару элементімен өшіре аласыз, алайда келесі жолы алдымен панельдің құлпын ашу керек болады.

Таймерді басқару элементі

Таймерді екі түрлі жолмен пайдалануыңызға болады:

- Оны кері санақ таймері ретінде қолдануыңызға болады. Мұндай жағдайда белгіленген уақыт өткенде таймер пісіру шеңберінің ешқайсысын өшірмейді.
- Орнатылған уақыт өтіп кеткен соң, оны бір немесе бірнеше пісіру аймағын өшіру үшін пайдалана аласыз.
- Таймерді максимум 99 минутқа орнатуға болады.


а) Таймерді минуттық таймер ретінде пайдалану

Егер ешқандай пісіру аймағын таңдамайтын болсаңыз.


Пісіру панелі қосылып тұруы керек.

Ескертпе: ешбір пісіру шеңберін таңдамасаңыз да, минуттық таймерді пайдалана аласыз0.


Таймерді басқару түймесін түртсеңіз, таймер индикаторы «--» көрсетеді;



«-» және «+» түймелерін бірге басқанда таймер жойылады және минуттық дисплейде «--» көрсетіледі.




30 секунд бойы дыбыстық сигнал беріледі, ал орнату уақыты аяқталғанда уақыт индикаторы «- -» көрсетеді.



Кеңес:

- Уақытты 1 минутқа азайту немесе арттыру үшін таймердің «-» немесе «+» түймесін бір рет түртіңіз.
- Уақытты 10 минутқа азайту немесе арттыру үшін таймердегі «-» немесе «+» түймесін басып тұрыңыз.
- Орнату уақыты 99 минуттан асса, таймер автоматты түрде 0 минутқа оралады.

“-” немесе “+” басқару түймесін түрту арқылы таймерді реттеңіз. Минуттық таймер индикаторы жыпылықтай бастап, таймер дисплейінен көрінеді.




Уақыт орнатылғанда бірден кері санақ басталады. Дисплей қалған уақытты көрсетеді, ал таймер индикаторы 5 секунд бойы жыпылықтап тұрады.



ә) Таймерді бір немесе бірнеше пісіру шеңберін өшіру үшін орнату

Бір аймақты орнату


Қыздыру шеңберін таңдайтын басқару элементін түртіңіз




Таймерді басқару элементін түртсеңіз, таймер индикаторы «10» көрсетеді



“-” немесе “+” басқару түймесін түрту арқылы таймерді реттеңіз. Минуттық таймер индикаторы жыпылықтай бастап, таймер дисплейінен көрінеді.



«-» және «+» түймелерін бірге басқанда таймер жойылады және минуттық дисплейде «--» көрсетіледі.



Уақыт орнатылғанда ол бірден кері санауды бастайды. Дисплейде қалған уақыт көрсетіледі және уақыт индикаторы 5 секунд бойы жыпылықтайды.



Таймерді бірнеше пісіру шеңберін өшіру үшін орнату


- Егер бұл функция бірнеше қыздыру шеңберінде қолданылса, таймер индикаторы ең аз уақытты көрсетеді.
(мысалы, 3# шеңберінде орнатылған уақыт 15 минут, ал 4# шеңберінде орнатылған уақыт 5 минут болса, таймер индикаторы «5» көрсетеді.)
ЕСКЕРТПЕ: Қуат деңгейі индикаторының жанындағы қызыл нүкте жыпылықтайды.

6.  (10 минутқа орнатыңыз)

3.  (5 минутқа орнатыңыз)



- Кері санақ таймері аяқталғанда тиісті шеңбер өшеді. Бұдан кейін ол жаңа минималды таймерді көрсетіп, тиісті шеңбердің нүктесі жыпылықтайды.



- Пісіру таймері аяқталғанда тиісті пісіру шеңбері автоматты түрде өшеді.



Ескертпе:

- Қуат деңгейі индикаторының жанындағы қызыл нүкте жанып, аймақтың таңдалғанын білдіреді.



- Таймер орнатылып қойған соң, оның уақытын өзгерткіңіз келсе, 1-қадамнан бастауыңыз керек болады.

Шамадан тыс температурадан қорғау

Жабдықталған температура датчигі керамикалық плитаның ішіндегі температураны бақылай алады. Артық температура сезілгенде, керамикалық плита автоматты түрде жұмысын тоқтатады.

Қалдық қызу туралы ескерту

Панель біраз уақыт жұмыс істегеннен кейін қалдық жылу қалады. Одан алшақ жүру керектігін ескерту үшін “H” әрпі пайда болады.

Әдепкі жұмыс уақыттары

Плитаның тағы бір қауіпсіздік функциясы – автоматты өшіру. Бұл функция пісіру аймағын өшіруді ұмытып кеткен жағдайда жақсы. Әдепкі өшіру уақыттары төмендегі кестеде көрсетілген:

Қуат деңгейі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Әдепкі жұмыс таймері (сағат)	8	8	8	4	4	4	2	2	2

ПІСІРУГЕ ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛАР

-  Қуыру кезінде, әсіресе Қуатты күшейту режимін пайдаланғанда абайлаңыз, себебі тоң май да, сұйық май да, жылдам қызады. Өте жоғары температурада май мен тоң май ойламаған жерден тұтанып кетеді және ол өрт шығуға себеп болуы мүмкін.

Пісіруге қатысты кеңестер

- Тамақ қайнайын деп қалғанда, температура параметрін азайтыңыз.
- Қақпақты қолдансаңыз, пісіру уақыты азаяды және қызуды сақтап тұру арқылы қуатты үнемдейді.
- Пісіру уақытын азайту үшін сұйықтықты немесе майды мүмкіндігінше аз қолданыңыз.
- Тамақ пісіре бастағанда жоғары параметрді таңдаңыз, ал тамақ қайнағанда параметрді азайтыңыз.

Бұқтыру, күріш пісіру

- Қайнау температурасынан төмен температурада – шамамен 85°C температурада, көпіршіктер қайнатылып жатқан сұйықтықтың бетіне енді көтерілгенде шымырлап қайнау орын алады. Бұл – құнарлы сорпалар мен дәмі нәзік бұқтырылған тағамдар өзірлеудің құпиясы, себебі дәмі тағамды шамадан тыс пісіріп жібермей дамиды. Жұмыртқа мен ұн негізіндегі тұздықтарды да қайнау температурасынан төмен дайындау керек.
- Кейбір тапсырмаларды орындау үшін, соның ішінде күрішті сіңіру әдісімен пісіру үшін, ең төмен параметрден жоғары параметрді орнату қажет болуы мүмкін. Бұл – тағамның ұсынылған уақыт ішінде дұрыс дайындалуын қамтамасыз етеді.

Стейк қуыру

Дәмі тіл үйіретін сәлді стейктер дайындау үшін:

1. Пісірмес бұрын етті бөлме температурасында шамамен 20 минутқа қойып қойыңыз.
2. Түбі қалың қуыруға арналған табаны қыздырыңыз.
3. Стейктің екі жағын да майлаңыз. Ыстық табаға аздап май себіңіз, бұдан кейін ыстық табаға етті салыңыз.
4. Пісіру кезінде стейкті тек бір рет аударыңыз. Нақты пісіру уақыты стейктің қалыңдығына және оны қалай дайындағыңыз келетініне байланысты болады. Стейктің бір жағын шамамен 2-8 минут қуыру керек. Стейктің қуырылу дәрежесін оны басып көру арқылы біліңіз – ол неғұрлым қатты болса, соғұрлым «өзір» болғаны.
5. Стейкті жылы тәрелкеге салып бірнеше минутқа қойып қойсаңыз, ол жібиді және жұмсара түседі.

Араластырып қуыру үшін

1. Керамиктен жасалған жалпақ таба немесе қуыруға арналған үлкен таба таңдаңыз.
2. Ингредиенттер мен жабдықтың барлығын дайындап қойыңыз. Тез араластырып қуыру керек. Егер тамақты көп мөлшерде дайындап жатсаңыз, тамақты бірнеше кішкентай партиямен дайындаңыз.
3. Табаны аздап қыздырыңыз және екі ас қасық май құйыңыз.
4. Алдымен кез келген етті пісіріп алып, шетке жылы жерге қойып қойыңыз.
5. Көкөністерді араластырып қуырыңыз. Олар әрі ыстық әрі қытырлап тұрғанда, пісіру аймағын төменірек параметрге қойыңыз да, етті табаға қайта салыңыз және тұздық қосыңыз.
6. Ингредиенттерді ақырындап араластырып тұрыңыз, олар қызуы керек.
7. Тамақты дереу ұсыныңыз.

ҚЫЗДЫРУ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Төмендегі параметрлер тек нұсқау ретінде берілген. Нақты параметр бірнеше факторға, оның ішінде асүй жабдықтарына және қаншалықты мөлшерде тамақ дайындайтыныңызға байланысты болады. Өзіңізге барынша қолайлы параметрлерді табу үшін, керамикалық панельді байқап көріңіз.

Қыздыру параметрі	Үйдесімділігі
1 - 2	• аз мөлшердегі тамақты аздап жылыту • шоколад, май және тез күйіетін тағамдарды еріту • шымырлатып қайнату • баяу жылыту
3 - 4	• жылыту • тез қайнату • күріш пісіру
5 - 6	• құймақ
7 - 8	• бұқтырып пісіру • паста дайындау
9	• қуыру • қызарту • сорпа қайнату • су қайнату

КҮТІМ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

Не?	Қалай?	Маңызды ақпарат!
Әйнектің күнделікті ластануы (саусақ іздері, іздер, әйнектегі тамақ немесе қантсыз тағамдардан қалған дақтар)	1. Пісіру панелінің қуатын өшіріңіз. 2. Әйнек әлі жылы (ыстық емес!) болып тұрғанда пісіру панелін тазалау құралын жағыңыз. 3. Шайып, таза шүберекпен немесе қағаз сүлгімен сүртіп алыңыз. 4. Пісіру панелінің қуатын қайта қосыңыз.	• Плита қуаттан ажыратылғанда «ыстық бет» көрсеткіші көрсетілмейді, бірақ пісіру шеңбері әлі де ыстық болуы мүмкін! Өте сақ болыңыз. • Күшті жуғыштар, кейбір нейлон жуғыштар және қатты/қажағыш тазартқыштар әйнекті сызып тастауы мүмкін. Тазалағыш құралдың немесе жөкенің сәйкес келетінін немесе келмейтінін затбелгіден қарауыңызға болады. • Тазалау құралының қалдығын пісіру панелінде қалдыруға болмайды: әйнекке дақ түсуі мүмкін.
Ыстық қантты тағамнан қайнап, еріп және әйнекке төгілген дақтар	Бұларды кесек тілгіш, палитра пышағы немесе шыны ыдыстарға жарамды қырғыш көмегімен бірден алып тастаңыз, бірақ пісіру шеңберінің ыстық беттерінен абай болыңыз: 1. Плитаның қабырғадағы қуатын өшіріңіз. 2. Пышақты немесе ыдысты 30° бұрышта ұстап тұрып, кірді немесе төгілген сұйықтықты панельдің салқын жеріне сүртіңіз. 3. Кірді немесе төгілген сұйықтықты жұмсақ шүберекпен немесе қағаз сүлгімен тазалаңыз. 4. Жоғарыдағы «әйнектің күнделікті ластануы» бөлімінде сипатталған 2-4-қадамдарды орындаңыз.	• Тамақтың ерігенінен және қантты тамақтан немесе шашырандыдан қалған дақтарды мүмкіндігінше бірден кетіріңіз. Егер ол әйнекте қалып қойып, суып қалса, оны кетіру қиынға соғады немесе тіпті әйнек бетінде біржола қалып қоюы мүмкін. • Кесіп кету қаупі: қауіпсіздік қақпағын алып тастағанда, қырғыштың жүзі ұстара сияқты өткір болып кетеді. Абайлап қолданыңыз және оны қауіпсіз әрі балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
Сенсорлық басқару элементтерінің ластануы	1. Плитаның қуатын өшіріңіз. 2. Шашырандыны тазалап шығыңыз 3. Сенсорлық аймақты таза, дымқыл жөкемен немесе шүберекпен сүртіңіз. 4. Аймақты қағаз сүлгімен толығымен құрғатып сүртіңіз. 5. Плитаның қуатын қайта қосыңыз.	• Пісіру панеліне сұйықтық шашырап кетсе, ол дыбыстық сигнал шығарып, өздігінен өшіп қалуы және сенсорлы басқару элементтері істемей қалуы мүмкін. Плитаны қайта қоспас бұрын, сенсорлық басқару аймағын құрғатып сүрткеніңізге көз жеткізіңіз.

СӨЗКӨМЕКТЕР МЕН КЕҢЕСТЕР

Ақаулық	Ықтимал себептері	Не істеу керек!
Пісіру панелін қосу мүмкін емес.	Қуат жоқ.	Керамикалық плита қуат көзіне жалғанып, өзі қосылып тұруы керек. Үйіңізде және аймағыңызда қуат сөніп қалмағанын тексеріңіз. Егер барлығын тексергенде де мәселе шешілмесе, білікті техникалық маманға хабарласыңыз.
Сенсорлы басқару элементтері жауап бермейді.	Басқару элементтері құлыптаулы.	Басқару элементтерінің құлпын ашыңыз. Нұсқауларды «Керамикалық плитаны пайдалану» бөлімінен қараңыз.
Сенсорлы басқару элементтерін әрең жұмыс істейді.	Басқару элементтерінде аздаған су тиген болуы мүмкін немесе басқару элементтерін түрткенде, саусағыңыздың ұшын пайдаланып жатқан болуыңыз мүмкін.	Сенсорлық басқару аймағының құрғақ екеніне көз жеткізіңіз және басқару элементтерін саусақ жастықшасымен түртіңіз.
Әйнекке сызат түсіп жатыр.	Жиектері қатты асүй жабдығын пайдаланып жатырсыз. Үйлеспейтін, абразивті қырғыш немесе тазалау өнімдері қолданылып жатыр.	Түбі тегіс әрі жатық ыдыстарды қолданыңыз. «Дұрыс ыдыс-аяқ таңдау» бөлімін қараңыз. “Күтім және тазалау” бөлімін қараңыз.
Кейбір ыдыстардан сықырлаған немесе шертілген дыбыстар шығады.	Ол асүй жабдығының құрылымына байланысты болуы мүмкін (әр металл қабаты әртүрлі дірілдейді).	Ол – асүй жабдығы үшін қалыпты жағдай және ақау емес.

Рекомендации при отображении сообщений об ошибке

Варочная панель оснащена функцией самодиагностики. Этот тест позволяет техническому специалисту проверить работу нескольких компонентов варочной панели без ее разборки или демонтажа.

Коды ошибок, отображающиеся во время эксплуатации прибора, и варианты решения проблемы.

Код ошибки	Неисправность	Решение
Без автоматического восстановления		
E0	Нулевая ошибка.	Восстановите соединение между платой дисплея и платой питания. Замените плату питания.
E1	Отказ датчика температуры керамической пластины – разомкнутая цепь.	Проверьте соединение или замените датчик температуры керамической пластины.
E2	Отказ датчика температуры керамической пластины – короткое замыкание.	
E7	Отказ датчика температуры керамической пластины.	
C1	Высокая температура датчика керамической пластины.	Дождитесь остывания керамической пластины до нормальной температуры. Нажмите кнопку включения/выключения для повторного включения прибора.
E3	Отказ датчика температуры NTC – разомкнутая цепь.	Замените плату дисплея.
E4	Отказ датчика температуры NTC – короткое замыкание.	
EL	Напряжение питания ниже номинального напряжения.	Убедитесь, что источник питания в нормальном состоянии. Включите питание прибора после возвращения источника питания в нормальное состояние.
EH	Напряжение питания выше номинального напряжения.	
EU	Ошибка связи.	Восстановите соединение между платой дисплея и платой питания. Замените плату питания или плату дисплея.

САУДА БЕЛГІЛЕРІ, АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ МӘЛІМДЕМЕ

 Midea логотипі, сөз белгілері, фирмалық атау, фирмалық стиль және олардың барлық нұсқалары Midea Group және/немесе оның үлестес тұлғаларының («Midea») құнды активтері болып табылады, олардың сауда белгілері, авторлық құқықтар және басқа да зияткерлік меншік құқықтары, сондай-ақ Midea сауда белгісінің кез келген бөлігін пайдалану нәтижесінде алынған барлық іскерлік бедел Midea-ға тиесілі. Midea компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз Midea сауда белгісін коммерциялық мақсатта қолдану сауда белгісіне қатысты заң талаптарын бұзу немесе тиісті заң талаптарын бұзу арқылы әділетсіз бәсекелестік жасау әрекеттері болып табылады.

Бұл нұсқаулықты Midea компаниясы жасады және Midea компаниясы ондағы авторлық құқыққа ие. Ешбір мекеме немесе жеке тұлға осы нұсқаулықты толықтай немесе ішінара қолдануға, көшірмесін жасауға, өзгертуге, таратуға құқығы жоқ немесе Midea компаниясының алдын ала рұқсатынсыз басқа өнімдермен бірге бере немесе сата алмайды.

Осы нұсқаулықта көрсетілген функциялар мен нұсқаулардың барлығы оны басып шығару кезінде жаңартылған. Алайда, функциялар мен дизайнның жетілдірілуіне байланысты нақты өнім өзгешелеу болуы мүмкін.

УТИЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ

Қоршаған ортаға қатысты маңызды нұсқаулар

WEEE директивасына сәйкестік және Қалдық өнімді утилизациялау:

Бұл өнім ЕО WEEE директивасының (2012/19/ЕО) талаптарына сай келеді. Бұл бұйымда пайдаланылған электрлік және электрондық жабдыққа (WEEE) арналған жіктеу белгісі бар.

Бұл таңба өнімнің қызметтік мерзімі аяқталған соң, ЕО елдерінде басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тасталмауы керектігін білдіреді. Қолданылған құрылғыны электрлік және электрондық құрылғыларды қайта өңдеуге арналған ресми қоқыс жинау орталықтарына қайтару керек. Қоқыстарды жинау жүйелерін табу үшін жергілікті органдарға немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз. Әрбір отбасы ескі құрылғыларды қалпына келтіру және қайта өңдеу процесінде маңызды рөл атқарады.

Қолданылған құрылғыны тиісінше қоқысқа тастау арқылы оның қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсерінің алдын алуға болады.



RoHS директивасының талаптарына сәйкестік

Сіз сатып алған өнім ЕО RoHS директивасының (2011/65/EU) талаптарына сай келеді. Оның құрамында директивада көрсетілген зиянды және тыйым салынған материалдар жоқ.

Қаптама туралы ақпарат

Өнім қаптамасының материалдары Қоршаған орта туралы ұлттық ережелерге сай қайта өңделетін материалдардан жасалған. Қаптама материалдарын тұрмыстық немесе басқа қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Оларды жергілікті органдар бекіткен қаптама материалдарын жинау орындарына апарыңыз.



ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

Клиентпен келісілген қызметтерді ұсыну үшін, клиентке қызметтер көрсетілетін келісілген елдер шегінде, сондай-ақ ЕО-ның Деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламенті (GDPR) қолданылатын жерде деректерді қорғауға қатысты қолданыстағы заңнаманың барлық ережелерін мүлтіксіз сақтауға келісеміз.

Әдетте деректерді өңдеуіміз сізбен келісімшарт бойынша және өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, кепілдік және өнімді тіркеу мәселелеріне байланысты құқықтарыңызды қорғау үшін міндеттемелерімізді орындауға арналған.

Кейбір жағдайда (тиісті деректерді қорғау процесі қамтамасыз етілген жағдайда ғана) жеке басқа қатысты деректер Еуропалық Экономикалық Аймақтан тыс жерлерге тасымалдануы мүмкін.

Бұдан басқа ақпаратты сұрап алуыңызға болады. Деректерді қорғау жөніндегі маманымызбен келесі мекенжай бойынша байланыса аласыз: **info@mideakz.com**. Жеке деректеріңізді тікелей маркетинг мақсатында өңдеуге қарсылық білдіру құқығы сияқты құқықтарыңызды іске асыру үшін, бізге келесі мекенжай бойынша хабарласыңыз: **info@mideakz.com**.

ДҰРЫС КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Өнімдегі немесе орамдағы бұл таңба, өнімнің қарапайым тұрмыстық қалдықтар қатарына жатпайтынын және істен шыққаннан кейін, электрлік немесе электрондық жабдықты қайта өңдеуге арналған тиісті жинау орнына өткізу керектігін көрсетеді. Ескі құрылғыларды жинау және қайта өңдеу біздің табиғи ресурстарды сақтауға маңызды үлес қосады және экологиялық таза және зиянсыз қоқысқа шығаруды қамтамасыз етеді.



Өнім Кеден одағының тиісті техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес сертификатталған.

ӨНДІРУШІ

GUANGDONG MIDEA CONSUMER ELECTRIC
MANUFACTURING CO., LTD
No. 19, Sanle Road, Beijiao Town, Shunde,
Foshan, Guangdong, China

ҚР-ҒА ИМПОРТТАУШЫ

ЖШС "TECHNOMAN"
Алматы қ., Бурундайская к., 93 А
Тел.: +7(727) 223 03 65
ҚР бойынша қолдау орталығы:
8 800 004 04 94
Веб-сайт: www.mideakz.com

Өнімнің сыртқы түрін, түсі мен техникалық мәліметтерін, өндіруші
тұтынушыға алдын ала ескертусіз өзгерте алады.



ӨЗІҢДІ ҮЙДЕГІДЕЙ СЕЗІН




make yourself at home



www.midea.com

© Midea 2022 all rights reserved



СТЕКЛОКЕРАМИЧЕСКАЯ ВАРОЧНАЯ ПОВЕРХНОСТЬ

РУКОВОДСТВО ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ

MCH-B641C



Предупреждения. Перед началом эксплуатации этого изделия внимательно прочитайте данное Руководство и сохраните его на будущее.

В рамках улучшения изделия конструкция и характеристики могут быть изменены без уведомления.

Подробности уточняйте у дилера или производителя.

Приведённое выше изображение является справочным. Руководствуйтесь фактическим внешним видом изделия.

БЛАГОДАРИМ ЗА ПОКУПКУ

Благодарим за выбор Midea! Перед использованием нового устройства Midea внимательно прочитайте это руководство, чтобы безопасно использовать предлагаемые функции.

СОДЕРЖАНИЕ

БЛАГОДАРИМ ЗА ПОКУПКУ	01
ИНСТРУКЦИИ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ	02
ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ	07
ОБЩИЕ СВЕДЕНИЯ ОБ ИЗДЕЛИИ	08
УСТАНОВКА	10
ЭКСПЛУАТАЦИЯ ИЗДЕЛИЯ	13
РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРИГОТОВЛЕНИЮ ПИЩИ	18
ВЫБОР МОЩНОСТИ НАГРЕВАТЕЛЯ	19
ОБСЛУЖИВАНИЕ И ОЧИСТКА	20
ПОЛЕЗНЫЕ СОВЕТЫ	21
ТОВАРНЫЕ ЗНАКИ, АВТОРСКИЕ ПРАВА И ЮРИДИЧЕСКИЕ ЗАЯВЛЕНИЯ	23
УТИЛИЗАЦИЯ И ПЕРЕРАБОТКА	24
УВЕДОМЛЕНИЕ О ЗАЩИТЕ ДАННЫХ	25

ИНСТРУКЦИИ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Целевое применение

Следующие инструкции по технике безопасности предназначены для предотвращения непредвиденных травм или повреждений имущества в результате ненадлежащей эксплуатации прибора. Для обеспечения безопасной работы проверьте упаковку и прибор после доставки, чтобы убедиться в отсутствии видимых повреждений. Если вы обнаружите какие-либо повреждения, обратитесь к продавцу или дилеру. Обратите внимание, что модификации конструкции устройства не допускаются по соображениям безопасности. Использование не по назначению может привести к травмам и/или аннулированию гарантии.

Значение символов



Опасность!

Этот символ указывает, что существует опасность для жизни и здоровья людей из-за наличия легковоспламеняющегося газа.



Предупреждение о высоком напряжении

Этот символ указывает, что существует опасность для жизни и здоровья людей из-за возможности поражения электрическим током.



Предупреждение

Это сигнальное слово указывает на опасность с высоким уровнем риска, которая при несоблюдении соответствующих мер безопасности может привести к тяжелой травме и даже к смерти.



Осторожно!

Это сигнальное слово указывает на опасность с низким уровнем риска, которая при несоблюдении соответствующих мер безопасности может привести к травмам легкой или средней тяжести.



Внимание

Это сигнальное слово указывает на важную информацию (связанную, например, с повреждением имущества), но не на опасность для жизни и здоровья людей.



Соблюдение инструкций

Этот символ указывает, что технический специалист должен эксплуатировать и обслуживать данное устройство только в соответствии с инструкциями по эксплуатации.

Перед использованием устройства внимательно прочитайте эти инструкции по эксплуатации и держите их в непосредственной близости от устройства для последующего обращения!

Предупреждения о мерах безопасности

Ваша безопасность имеет большое значение для нас. Прочтите приведенную ниже информацию перед использованием варочной панели.

Установка

Опасность поражения электрическим током

- Перед выполнением очистки или техобслуживания всегда отключайте прибор от электросети.
- Подключение к надежной системе заземления является важным и обязательным требованием.
- Любые изменения бытовой электропроводки должны выполняться только квалифицированным электриком.
- Несоблюдение этого требования может привести к поражению электрическим током и даже к смерти.

Опасность порезов

- Будьте осторожны — края панели острые.
- Несоблюдение этого требования может привести к порезам.

